

## Білім бағдарламалары бойынша ақпарат

Бакалавриаттың ББ мақсаты - «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» саласында өнегелі, эстетикалық, кәсіби және ғылыми құндылықтарға негізделген агроөнеркәсіптік кешенде және әлемдік ғылыми-білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті және сұранымға ие жаңа үлгідегі мамандарды дайындау, болашақ мамандардың негізгі кәсіби білімдерін қалыптастыру, кәсіби іс-әрекетінде отандық және шетелдік тәжірбиені қолдану.

Магистратураның ББ мақсаты – орман шаруашылығында және ландшафт құрылысында аэроғарыштық әдістерді пайдалану және ақпараттық технологияларды қолдану, орманды есептеу, орманды көпмақсатта тұрақты және уақытша пайдалану шараларын жасау және оларды жүзеге асыруда жоғары білікті мамандар дайындау.

Докторантураның ББ мақсаты – орман ресурстарын жандандыру және қолдануды оптимизациялау, орман басқару, күзету, қорғау және қайта жаңғырту, ормандарды аудандастыру және ормандардың тауарлық, биоэкологиялық өнімділігін модельдеу, орман шаруашылығын және орманды басқаруды ұйымдастыру, ҚР үшін оптималды орман жоспарларын жасау салаларында іс-әрекетке дайындау.

Бакалавриат пен магистратураның білім бағдарламаларының мазмұны Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартымен ҚР МЖБС 5.04.19 – 2011 белгіленеді. Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер және ҚР МЖБС 5.04.033 – 2011. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Магистратура. Негізгі ережелер. 2013 жылдан бастап С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ 6D080700 – «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» PhD докторантура мамандығы бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия алды. Еуропалық Одақтың TEMPUS CIBELES жобаның аясында, докторлық және бакалавриат бағдарламасы Еуропа, Орталық Азия және Кавказ елдері бойынша жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып бірыңғай болды.

2013 жылдан бастап бакалавриат мамандық студенттері үшін екі оқу бағдарламасы бойынша білім беру жүргізіледі. «Қорғаныш орман өсіру» білім беру бағдарламасы орман мелиорация жобаларын жасау және құрастыру, орман орналастыру жұмыстарын бақылау және орманды күту бойынша орман шаруашылық жұмыстары, қорғаныш орман өсіру және орманды қалыптастыру бойынша мамандардың жетіспеушілігіне байланысты, жұмыс берушілердің ұсынысы негізінде құрылды.

«Ландшафты дизайн және көгалдандыру» білім беру бағдарламасы құрылыс және ландшафты архитектура нысандарын эксплуатациялау, саябақты және жасыл екпе ағаштарды қайта қалпына келтіру, жобалау бойынша жұмыстарды орындап, ұйымдастыра алатын көгалдандыру мамандарына сұраныстың артуына байланысты құрылды.

2015-2016 жылдары білім алушылардың контингенті бакалавриатта 181 адамды құрайды, оның ішінде 114 мемлекеттік тілде оқиды. Магистратурада білім алушылардың саны - 17 адам, ал докторантурада – 5. 2015-2016 оқу жылының басында профессорлық-оқытушылар құрамы және оқу-көмекші персоналының саны 30 адамды құрады, оның 26 ПОҚ. Қазіргі уақытта кафедрада 1 ғылым докторы, 2 философия докторлары (PhD), 10 ғылым кандидаттары және 9 магистрлер, 4 зертханашылар жұмыс істейді. ПОҚ орташа жасы – 43,7 жасты, ал ғылыми дәрежесі бойынша 47,8 жасты құрайды.

Кафедрада орман шаруашылық мекемелерімен тәжірибе базасын ұйымдастыру бойынша өзара ынтымақтастық келісім-шарттар бар: «Астана-Жасыл құрылыс» АҚ, «Жасыл Аймақ» РМҚМ, «Астана орманы» АҚ, «Республикалық орман селекциялық

орталығы Солтүстік филиалы» РМКМ, «Орман шаруашылығы және агроорман мелиорациясы Қазақ ҒЗИ», «Бурабай» МҰТС, «Көкшетау» МҰТС, «Баян-Ауыл» МҰТС және тағы басқа Қазақстанның мемлекеттік орман шаруашылық мекемелері. Кәсіби хабардарлықты қалыптастыруға бағытталған білім беру үшін, кафедра оқытушылары «Астана-Жасыл құрылыс» АҚ, «Жасыл Аймақ» РМКМ, ««Республикалық орман селекциялық орталығы Солтүстік филиалы» РМКМ, орталықтарда көшпелі сабақтар жүргізу қарастырылған. Кафедраның оқу дәрісханалары заманауи техникалық оқу құралдарымен жабдықталған; Щучинск қаласында «Сары-Арқа» оқу-ғылыми-өндірістік кешені қалыптасқан. Соңғы жылдары кредиттік технологияға сәйкес мамандық пәндері бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттер шығарылды. Кафедрада барлық қажетті әдістемелік нұсқаулықтар, жұмыс және типтік бағдарламалар, «Дендрология», «Орман тұқым ісі», «Биология», «Екпе орман», «Метеорология», «Орман пирологиясы», «Ерекше қорғалатын табиғи аймақ», «Өсімдіктер физиологиясы», «Орман ботаникасы», «Орман биогеоценологиясы», «Орман құру», «Плантациялық орман өсіру» және тағы басқа пәндер бойынша зертханалық-тәжірибелік сабақтар жүргізу үшін, оқу-әдістемелік әдебиеті жасалынды және шығарылды. Кафедрада білім беру бағдарламасын іске асырмас бұрын білім алушыларды: «Орманшы» ғылыми үйірме жұмысына қатысу, студенттік ғылыми жұмыс байқауына және республикалық пәндік олимпиадаларға; студенттердің және жас ғалымдардың Республикалық және Халықаралық ғылыми конференцияларға қатысуларына, кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартуға ерекше көңіл бөлінеді.

Есепті кезеңде шетелдік ғалымдардың академиялық ұтқырлық аясында Михель Засада және Лех Плотковски Варшава жаратылыстану ғылымдар университеті (Польша) Сезгин Аян Кастамон университеті (Түркия) 3-4 курс студенттеріне және магистранттарға сабақ өткізді. Академиялық ұтқырлық бойынша 3-курс студенті Токпердинова Асель Баварияда (Германия) оқу тәжірибесінен өтіп келді. 2016-2017 оқу жылында 4 курс студенттері Балтабекова Әсел А.Стульгин атындағы университетте (Литва), ал Токпердинова Әсел Геттинген университетінде (Германия) бір семестр бойы оқып, емтихан тапсырып келді.

2015 жылы сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша Д.Н. Сәрсекова Жаратылыстану ғылымдары Варшава университетінде (Польша) «Орманшылық» пәнінен дәріс оқыды, ал 2017 жылы 2 оқытушы Д.Н. Сәрсекова, К.М. Мазаржанова академиялық ұтқырлық бойынша Артвин университетіне (Түркия) дәріс оқуды жоспарлап отыр.

2014 жылдан бастап, кафедрада орман шаруашылығының заманауи мәселелері бойынша шетелдік ғалымдар, шетелдік магистранттар және қазақстандық ЖОО-ның қатысуымен жыл сайын Халықаралық жазғы мектеп жүргізіліп отырады.

Кафедра ассистенттері Ж.Ж. Жұмабекова және А.Ж. Құрманғожинов Қытайдағы экология және география ғылым Академиясындағы Синьцзян институтында докторантура бойынша степендияны жеңіп алды және магистр Ж. Қадырбеков Қытай ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы Солтүстік-Батыс университетінде докторантурада оқиды.

«Орман ресурстары және орман шаруашылығы» ББ мамандық түлектері екпе орман инженері, орманшы, орманшы көмекшісі, орманды қорғау және күзету бойынша инженері болып және, сондай-ақ, орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында оқытушы; ғылыми-зерттеу институттарында ғылыми қызметкер, мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтарда, қорықтарда, биоалуантүрлілікті сақтау саласы бойынша басқармаларда, келесідей мекемелерде жұмыс істей алады: «Астана-Жасыл құрылыс» АҚ, «Жасыл Аймақ» РМКМ, «Астана орманы» АҚ, «Республикалық орман

селекциялық орталығы Солтүстік филиалы» РМКМ, «Орман шаруашылығы және агроорман мелиорациясы Қазақ ҒЗИ», «Бурабай» МҰТС, «Көкшетау» МҰТС, «Баян-Ауыл» МҰТС және тағы басқа Қазақстанның мемлекеттік орман шаруашылық мекемелері. 2016 жылы зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының деректері бойынша, бакалавриат түлектерді жұмысқа орналастыру 90%-ды, магистратура - 100% құрады.

«Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығының ББ терең теориялық білім алуға және тәжірибелік білімдерін орман ресурстарын қорғау және есептеу бойынша, орманды пайдалану, отырғызу материалдарын өсіру және екпе орман құру, елді мекенді көгалдандыру, орман көшетжай жобаларын өңдеу, екпе орман құру тәсілдері, қорғаныштық және көгалдандыру орман алқа ағаштарын, орман мелиорация технологиясы бойынша білімдерін жетілдіруге мүмкіндік береді.